Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Ғылыми кеңес шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.Қуанышбаев
2022 жылғы «04» мамыр, №10 хаттама

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ережелері

Арқалық, 2022

1. Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім алушылардың білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) және жоғары білімнің МЖМС меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.

2. Бағалау академиялық адалдық қағидаттарына негізделеді.

3. Ағымдағы бақылау оқу пәнінің/модульдің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылауды (АБ) бағалау мынадай формула бойынша есептеледі:

$$АБ = \frac{Қ\% + ПрС\%/ЗертС\%/СтудС\% + СӨЖ\%}{3}$$

Ағымдағы бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі институттың академиялық саясатына сәйкес пән/модульдің жұмыс оқу бағдарламасымен айқындалады.

4. Құжатпен расталған дәлелді себеппен болмаған студенттерге өткізіп алған сабақтарын тапсыруға мүмкіндік беріледі.

5. Аралық аттестаттауға жіберу рейтингі (Р) академиялық кезеңдегі ағымдағы бақылаудың (АБ) орташа бағасы болып табылады. Студенттің аралық аттестаттауға жіберу рейтингі пән бойынша келесі жұмыс түрлері үшін: практикалық / зертханалық / студиялық сабақтар және СӨЖ – кемінде үш баға болған жағдайда есептеледі. Басқа жағдайда аралық аттестаттауға жіберу рейтингі есептелмейді және студент аралық аттестаттауға жіберілмейді.

6. Аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, ББ оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) міндетті түрде баға қоя отырып, емтихандар және кәсіптік практика бойынша есеп тапсыру формасында өткізіледі.

Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі институттың академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Әрбір оқу пәні/модулі бойынша емтихан нысаны ББ-мен айқындалады. Емтихан келесі нысандарда қабылдануы мүмкін:

- Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Орта білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен іс қағаздарын жүргізу, Өлкетану, Кәсіпкерлік негіздері, Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Педагогика, Педагогикалық психология, Ұлы Даланың педагогикалық мұрасы, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері, Инклюзивті білім беру пәндері бойынша – прокотринг жүйесін қолдана отырып компьютерлік тестілеу;
- Қазақ (Орыс) тілі, Шетел тілі, Мамандандырылған ағылшын тілі пәндері бойынша – тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым;
- Дене шынықтыру және спорт ББ үшін – тиісті пәндер бойынша норматив тапсыру;
- Музыкалық білім ББ үшін – тиісті пәндер бойынша орындаушылық шеберлік;
- Бейнелеу өнері және сызу, Көркем еңбек, графика және жобалау ББ үшін – тиісті пәндер бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау;
- қалған барлық жағдайларда – жазбаша жұмыс.

8. Компьютерлік тестілеу нысанындағы емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі келесідей:

- оқытушы пәннің 1 кредитіне кемінде 120 сұрақ есебінен тест сұрақтарын дайындайды;
- тест сұрақтары Platonus ААЖ-не жүктеледі;
- компьютерлік тестілеуді өткізуге бір күн қалғанда оқытушы пән бойынша аралық аттестаттауға жіберілген студенттерге емтихан тағайындайды;
- компьютерлік тестілеу институттың компьютерлік сыныптарында прокторинг жүйесін қолдануымен өткізіледі;

- пән бойынша тест 30 сұрақтан тұрады, жауапқа 30 минут беріледі. Ережеден тыс келесі пәндер сұрақтарына жауап беру үшін 45 минут беріледі:

· тест сұрақтарында практикалық сипаттағы (есептерді шешу) тапсырмалары бар пәндер,

· Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Қазақ (Орыс) тілі, Шетел тілі пәндері,

· ағылшын тілінде оқытатын топтардағы ЖББ циклінің пәндері және ЖК ағындық пәндері;

- аудиториялардағы кезекшілікті офис-регистратор (бұдан әрі – ОР) ұйымдастырады.

9. Жазбаша жұмыс нысанындағы емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

Жазбаша емтихан емтихан билетінің сұрақтарына жауап түрінде, сондай-ақ ББ тобы (бұдан әрі – ББТ) әдістемелік бірлестігінде айқындалған басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін.

Емтихан билетінің сұрақтарына жауап түрінде жазбаша емтихан қабылданған жағдайда:

1) оқытушы әрбіреуінде 3-тен 5-ке дейін сұрақтан тұратын кемінде 25 емтихан билетін дайындайды;

2) емтихан ұзақтығы – 60 минут;

3) емтихан жұмыстарын тексеруге емтиханнан кейінгі күннен бастап екі күнге дейін уақыт бөлінеді;

4) оқытушы емтихан бағаларын Platonus ААЖ-не енгізеді.

10. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттаудың қорытындыларын шығару кезінде емтиханда алынған баға және жіберу рейтингісінің бағасы ескеріледі:

$$ҚБ = Р \cdot 0,6 + Е \cdot 0,4$$

11. Аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) ұйымдастыруын және өткізуін ОР жүргізеді.

12. ОР білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелерінің тұрақты мониторингін жүргізеді.

13. Аралық аттестаттаудың оң бағасы тиісті оқу пән/модуль бойынша белгіленген көлемде игерілген кредиттерді есепке алу үшін негіз болады және білім алушының транскриптіне жазылады.

14. Білім алушылар емтихандарды бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына және пәндердің оқу бағдарламаларына қатаң сәйкестікте тапсырады.

15. Білім алушылар қажет болған жағдайда оқытудың қосымша түрлерінің пәндері бойынша емтихан тапсырады, тапсыру нәтижелері емтихан ведомосына және транскриптке жазылады.

16. Емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңіне ректордың бұйрығымен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен (еркін нысанда) ресімделеді, оның негізінде емтихан ведомосы жасалады.

17. Емтихан сессияларының қорытындысы бойынша ОР білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейінің орташа алынған бағасы ретінде курс бойынша GPA ауысу балын есептейді.

Ауысу балының ең төменгі шамасынан төмен емес GPA жинаған білім алушылар факультет деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

Ауысу балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушы ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылады.

Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ өту балының ең төменгі шамасын жинай алмаған білім алушыға үлгерімінің орташа балын арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Емтиханды қайта тапсырудың оң нәтижесі болған жағдайда қорытынды баға қайтадан есептеледі, ол емтихан ведомосына және транскриптке енгізіледі. Үлгерімнің орташа балын есептеу кезінде оқу пәні бойынша соңғы бағалар ескеріледі.

18. Транскриптке «қанағаттанарлықсыз» баламасына сәйкес келетін FX және F бағаларын қоса алғанда, қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағаларды көрсете отырып, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері жазылады.

19. Қайта курсқа қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе жаңадан құрылған жеке оқу жоспары бойынша оқиды.

20. Емтихан сессиясының нәтижелері мен оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін институттың Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

Емтихан сессияларсының нәтижелері автоматты түрде Platonus ААЖ-де қалыптасады.

21. ЖОО-дан шығарылған тұлғаға ҚР БҒМ 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша білім алуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі

22. Барлық ББ білім алушылары (жоғары білім негізінде қысқартылған ББ бойынша білім алушыларды қоспағанда) «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды сол академиялық кезеңде оқуын аяқтағаннан кейін тапсырады.

23. Мемлекеттік емтиханның ұйымдастырылуы мен өткізілуін Тарих ББ ПОҚ мен ОР бірлесіп жүзеге асырады.

24. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін ПОҚ үлгілік оқу бағдарламасының негізінде барлық ББ үшін бірыңғай жұмыс оқу бағдарламасын әзірлейді.

25. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу формасы Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі.

26. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін ББ жетекшісінің ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен күнтізбелік жылға арналған мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі – МЕК) құрылады.

27. МЕК төрағасының кандидатурасы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

28. МЕК отырыстарының кестесін академиялық күнтізбеге сәйкес ОР әзірлейді және оны ректор мемлекеттік емтихан басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді.

29. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

30. Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Бұл ретте қорытынды баға осы Ереженің 3, 4, 9-тармақтарына сәйкес жіберу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып қойылады.

31. Білім алушы «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда пәнді қайта тапсыру немесе қайта оқу бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

32. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы МЕК отырысы өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей апелляцияға береді.

33. Апелляция өткізу үшін ректордың бұйрығымен «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

34. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

35. Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін төраға МЕК жұмысы туралы есеп жасайды, ол институттың Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

Қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі

36. Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде көзделген өткізу мерзімдерінде Ғылыми кеңес бекіткен нысандар мен бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

Қысқартылған ББ бойынша білім алушы студенттер үшін қорытынды аттестаттау бағдарламасына алдыңғы оқу деңгейінің танылған пәндері енгізілуі мүмкін

37. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты ББ меңгеру аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін және игерілген құзыреттіліктерді бағалау болып табылады.

38. Қорытынды аттестаттау ББ жалпы көлемінен 12 академиялық кредитті құрайды.

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға GPA 3,5 балл және одан жоғары, Республикалық пәндік олимпиадалардың, студенттердің ғылыми жобалар конкурстарының қатысушылары мен жүлдегерлері болып табылатын, ғылыми жарияланымдары бар студенттер жіберіледі.

39. Қорытынды аттестаттауға МЖМС, ББ, жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

40. МЖМС, ББ, ЖОЖ талаптарын орындамаған бітіруші курстың білім алушысы жазғы семестрді өту құқығынсыз ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылады.

41. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін ББ бойынша аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – АК) құрылады.

42. АК құзыретіне мыналар кіреді:

1) дайындалатын кадрлардың теориялық және практикалық даярлығының ББ белгіленген талаптарына сәйкестік деңгейін тексеру;

2) тиісті ББ бойынша білім бакалавры дәрежесін беру;

3) кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

43. АК құрамы бітіруші кадрлардың бейініне сәйкес келетін профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ), жоғары білікті мамандардан құралады және ББ жетекшісінің ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітіледі.

44. АК төрағасының кандидатурасы Ғылыми кеңес шешімімен ағымдағы оқу жылының 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі және ағымдағы оқу жылы ішінде әрекет етеді.

45. АК жұмыс кестесін ОР жасайды, ректор бекітеді және АК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жарияланады.

46. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу осы Ереженің 38-тармағының негізінде қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ББ көрсетілген тізімдік құрам түрінде факультет деканының өкімімен ресімделеді.

47. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей АК-на ұсынылады:

1) білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім;

2) барлық оқу кезеңіндегі GPA шамасы есептелген білім алушылардың транскриптері.

48. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей АК-на бекітілген ережеге сәйкес ресімделген, қорғауға жіберілген дипломдық жұмыстар (жобалар) ұсынылады.

Қажет болған жағдайда АК-на орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын материалдар, ресми емес пікірлер, дипломдық жұмыстың (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жазбаша қорытындылары, анықтамалар немесе ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу актілері ұсынылады.

49. АК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

50. Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейін, сондай-ақ дипломдық жұмыс (жоба) орындалған жағдайда ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірін ескере отырып, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

51. Қорытынды аттестаттау нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

52. АК барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді.

АК отырысының хаттамасы академиялық топқа жүргізіледі. Қорытынды аттестаттау компьютерлік тестілеу нысанында өткізілген жағдайда, емтихан ведомосы хаттаманы (еркін нысанда) ресімдеу үшін негіз болып табылады.

Хаттаманы комиссия құрамында бекітілген және дауыс беру құқығы жоқ АК хатшысы толтырады.

53. Қорытынды аттестаттау бағалары, сондай-ақ дәреже беру және диплом беру туралы шешімдерді АК жабық отырысында отырысқа қатысқан АК мүшелерінің жай көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда АК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

54. АК отырыстарының хаттамалары «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес институт мұрағатында сақталады.

55. Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген білім алушы АК төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады және АК төрағасының рұқсаты бойынша басқа күні қорытынды аттетаттаудан өтеді.

56. Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушы өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға береді.

57. Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен біліктілігі ББ бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

58. Қанағаттанарлықсыз баға қойылғаннан кейін АК-на денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.

59. Оң бағаны көтеру мақсатында қорытынды аттетаттауды қайта тапсыруға жол берілмейді.

60. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушыға қорытынды аттетаттауды қайта тапсыруға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

61. Қорытынды аттестаттау бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы ҚР БҒМ 2009 жылғы 12 маусымдағы №289 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтаманы бере отырып, «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» және «қорытынды аттестаттаудан өтпеген» ретінде ректордың бұйрығымен институттан шығарылады.

62. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлға үш жыл ішінде қорытынды аттестаттауды қайта өтуге құқылы. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан

кешіктірмей білім алушы ректордың атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өтініш жазады.

63. Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу ректордың бұйрығымен ресімделеді.

64. Білім алушыны қайта қорытынды аттестаттау алдыңғы қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

65. Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар үшін қорытынды аттестаттауға енгізілетін пәндердің тізбесі теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен айқындалады.

66. Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті ББ меңгергенін растаған білім алушыға АК шешімімен «білім бакалавры» дәрежесі, қосымшасы (транскрипт) бар жоғары білім туралы диплом және дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement) тегін беріледі.

67. Диплом қосымшасында (транскрипт) барлық оқу пәндері, кәсіптік практика түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша академиялық кредит көлемі көрсетіле отырып, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

68. A, A- «өте жақсы», B-, B, B+, C+ «жақсы» бағаларымен емтихан тапсырған және GPA 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ A, A- «өте жақсы» бағаларымен қорытынды аттестаттаудан өткен (оқудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда) білім алушыға үздік диплом беріледі.

69. Оқудың барлық кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсырған білім алушыға осы Ереженің 67-тармағының талаптарына сәйкестігіне қарамастан үздік диплом берілмейді.

70. АК жұмысы аяқталғаннан кейін төраға білім алушыларды қорытынды аттестаттау туралы есеп жазады, ол бір ай мерзімінде Ғылыми кеңес отырысында талқыланады және бекітіледі.

71. Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде «білім бакалавры» дәрежесін бере отырып, жоғары білімнің тиісті ББ бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен білім алушыларды оқудан шығару туралы ректордың бұйрығы шығарылады.

72. Оқудан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзімінде ректор қол қойған институт түлектерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ББ және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетілген тізім білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады және институт сайтына орналастырылады.

Жазбаша емтихандағы студенттердің тәртіп ережелері

Студент:

1) емтихан өтетін аудиторияға кестеде көрсетілген уақыттан 15 минут бұрын келуге (кешіккендер емтиханға жіберілмейді);

2) жеке заттарын аудиториядағы арнайы бөлінген жерде қалдыруға;

3) өзімен бірге жеке куәлігін, қалам алуға;

4) емтихан билетін алуға және орынға отыруға;

5) егер баспа сапасыздығынан емтихан билетінің сұрақтарын оқу және түсіну қиын болса хабарлауға міндетті;

6) әрбір емтихан сұрағына жауап рет-ретімен баяндалуы тиіс, бір сұрақтың жауабын бытыраңқы, әр түрлі беттерде баяндауға жол берілмейді;

7) егер емтихан тапсырмасында дұрыс емес сұрақ немесе пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін сұрақ болса, жауап парағында көрсетуіге;

8) жауап беруге бөлінген уақытты сақтауға міндетті;

9) емтихан аяқталатын уақыттан бұрын жауап беріп аяқтаған жағдайда жауап парағын тапсырып аудиториядан шығуға құқылы;

10) білім алушы бағалау саясатына сәйкес, егер жауап парағында көрсетілген емтихан билетінде қате сұрақ немесе пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін сұрақ болса, апелляциялық өтініш беруге құқылы.

Емтихан кезінде:

1) өзімен бірге рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалка, конспектілері бар дәптер, ұялы телефон (қосылған немесе сөндірілген), өзге де электрондық құрылғылар және т.б.) алып кіруге;

2) емтихан билетін қайта алуға;

3) аудиториядан шығуға;

4) шулау, сөйлесу, орнынан тұру және аудиторияда жүруге;

5) корректор пайдалануға;

6) жауап парағы мен емтихан билетін басқа студенттерге беруге;

7) аудиториядан емтихан жауаптарының парақтарын шығаруға;

8) емтихан билетінің сұрақтарына жауапты уақытынан бұрын аяқтауды қоспағанда, аудиториядан рұқсатсыз шығуға;

9) емтихан аяқталғаннан кейін емтихан парақтарын тапсыруды кідіртуге тыйым салынады.

Актімен тіркелген жоғарыда аталған ережелердің кез келгенін бұзуға жол берген білім алушыға «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтихандағы студенттердің тәртіп ережелері

Студент:

1) емтихан өтетін аудиторияға кіргенде жеке заттарын аудиториядағы арнайы бөлінген жерде қалдыруға;

2) өзімен бірге жеке куәлігін, қалам, есеп шығару және жаттығуларды орындау үшін жеке қағаз парақтарын алуға;

3) келу парағына қол қоюға;

4) бос компьютерге отыруға;

5) нұсқаулыққа сәйкес Platonus ААЖ компьютерлік тестілеуден өтуге міндетті;

6) егер емтихан тапсырмасында қате сұрақ немесе пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін сұрақ болса, жауап парағына жазып алуға;

7) компьютерлік тестілеуге бөлінген уақыттан бұрын жауабын аяқтаған жағдайда аудитория кезекшісіне хабарлауға және аудиториядан шығуға;

8) Білім алушы бағалау саясатына сәйкес, егер тестте қате сұрақ немесе пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін сұрақ болса, апелляциялық өтініш беруге құқылы.

Емтихан кезінде:

1) өзімен бірге рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалка, конспектілері бар дәптер, ұялы телефон (қосылған немесе сөндірілген), өзге де электрондық құрылғылар және т.б.) алып кіруге;

2) аудиториядан шығуға;

3) шулау, сөйлесу, орнынан тұру және аудиторияда жүруге;

4) жауап беруді уақытынан бұрын аяқтауды қоспағанда, аудиториядан кезекшінің рұқсатынсыз шығып кетуге тыйым салынады.

Актімен тіркелген жоғарыда аталған ережелердің кез келгенін бұзуға жол берген білім алушыға «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады.

2022 жылғы «31» тамыздағы, №1 хаттама, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ережелері келесі өзгерту енгізілсін:

38. Дипломдық жұмыс (жоба) орындауға GPA 3,5 және одан жоғары балл жинаған, сонымен қатар Республикалық пәндік олимпиадалардың, студенттердің ғылыми жобалары конкурстарының қатысушылары және жүлдегерлері болып табылатын, ғылыми жарияланымдары бар студенттер жіберіледі.